

**Білім беру бағдарламасының паспорты**

|   |  |
|---|--|
| <b>Білім беру саласының коды мен жіктелуі</b>                     | 6B11 Қызметтер   |
| <b>Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі</b>                    | 6B111 Қызмет көрсету саласы  |
| <b>Білім беру бағдарламасының коды мен атауы</b>                  | 6B11101 Туризм   |
| <b>Білім беру бағдарламасының бірегейлігі</b>                     | <p>Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ 6B11101 Туризм білім беру бағдарламасының бірегей бәсекелестік артықшылықтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тіл дайындығының жоғары деңгейі;</li> <li>- әлеуметтік-экономикалық даму үрдістерін ескере отырып теориялық дайындықтың жоғары деңгейі; туристік кадрларды даярлау бойынша жетекші мамандарды (ғылым кандидаттары мен докторларын, практик мамандарды - туризм индустриясы кәсіпорындарының басшылары мен мамандарын) оқу процесіне тарту);</li> <li>- зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту, туризм саласындағы кәсіпорындардың (мекемелердің) қызметін ұйымдастырудың заманауи әдістері мен технологияларын іс жүзінде қолдануға бағытталған жобаларды орындау;</li> <li>- білім алушылардың Шығыс Қазақстан облысы бойынша оқу-таным турларына, экскурсиялар мен туристік жорықтарға қатысуын ұйымдастыру соның ішінде бағдарлама туристік бизнес өкілдерімен кездесулерді, оқытуды (мастер-класстар, семинарлар), практика мен сертификаттауды қамтитын кәсіптік білім беру турларына қатысу;</li> <li>- кафедраның «G-Global» алаңында экономикалық зерттеулер орталығының базасында өткізілетін ғылыми-зерттеу және диплом жұмыстары шеңберінде жаңа туристік жобалар мен өнімдерді әзірлеуге білім алушылардың қатысу мүмкіндіктері;</li> <li>- білім алушы тұрақты кәсіби өзін-өзі жетілдіруге бағытталған кәсіби қызметті ұйымдастыруға баса назар аудару.</li> </ul> |
| <b>Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы</b> |  |
| <b>БББ мақсаты</b>  | Жаһандық және жергілікті еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес туризм және қонақжайлылық индустриясын басқару саласында табысты кәсіби қызметке қабілетті, әлеуметтік маңызды жеке көзқарастар мен құндылықтарға ие білікті, бәсекеге қабілетті туристік кадрларды даярлау.  |
| <b>БББ міндеттері</b>   | <ol style="list-style-type: none"> <li>1) еңбек нарығында сұранысқа ие, «Рухани жаңғыру» жалпы мемлекеттік бағдарламасына сәйкес құндылықтарға ие, шығармашылық пен инновацияларға қабілетті кәсіби мәдениетінің жоғары деңгейі бар құзыретті көптілді тұлғаны дамыту;</li> <li>2) білім алушыларда туризм саласындағы қазіргі ғылыми-практикалық міндеттерді шешу үшін ғылыми дүниетанымды, аналитикалық, зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыру;</li> <li>3) туризм саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының стратегияларын, ұйымдастырушылық-басқару, өндірістік-технологиялық міндеттерді және проблемаларды шешуге қабілетті маманды даярлау; туризм саласындағы кәсіби қызметтің қажетті функциялары мен түрлерін орындау; қоғамдық, кәсіби және өзге де қызметте табысты қолдану мақсатында қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық, цифрлық технологияларды меңгеру;</li> <li>4) білім берудің келесі сатысында (магистратура) білім алуды жалғастыру үшін жағдай жасау.</li> </ol>   |
| <b>БББ оқыту нәтижелері</b>                                       | Білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін білім алушылар төмендеу нәтижелерге жетеді:   |

|  |   |
|--|---|
|  | <ul style="list-style-type: none"> <li>- өз шешімдері мен іс-әрекеттерінің нәтижелері үшін әлеуметтік экономикалық және құқықтық жауапкершілікті түсіне отырып, туризм индустриясының тұтас басқару үрдісінің барлық субъектілерімен өзара іс-әрекет жасауда толеранттылық, әлеуметтік белсенділік және көшбасшылық қасиеттерді көрсету;</li> <li>- ауызша және жазбаша түрде көптілді қарым-қатынас дағдыларын көрсете отырып, тиімді кәсіби, қоғамдық және өзге де қызметті құру;</li> <li>- туристік қызметтер нарығында туристік өнімді орналастыру, маркетингтік және өндірістік бағдарламалар, жарнама және PR-коммуникациялар тұжырымдамасын әзірлеу және іске асыру үшін заманауи ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану;</li> <li>- мемлекеттік-құқықтық реттеу нұсқауларын ескере отырып, туризм индустрияны интернационалдандыру жағдайында туризм кәсіпорындардың жұмыс істеуін экономикалық талдау және мониторингтеу жоспарлау және болжау негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау;</li> <li>- туризм және қонақжайлылық саласында басқарушылық шешімдер қабылдау үшін әлеуметтік-экономикалық және статистикалық ақпаратты жинау мен өңдеудің цифрлық технологияларын қолдану;</li> <li>- туристік ұйымның басқару үрдісінің барлық қатысушыларының кәсіби зерттеушілік және жеке әлеуетін дамыту үшін қолайлы корпоративтік орта құру негізінде командалық жұмысты ұйымдастыру;</li> <li>- туристік ресурстарды аймақтық орналастыру қағидаттарына сәйкес рекреациялық әлеуетті және аумақтың туристік инфрақұрылымын оңтайлы пайдалану негізінде туристік кәсіпорындардың қызметін ұйымдастыру;</li> <li>- экология, салауатты өмір салты және тіршілік қауіпсіздігі талаптарын сәйкес туриндустрияда бизнес-жоспарларды, инвестициялық, әлеуметтік мәдени жобаларды іске асыруды басқару;</li> <li>- туристік өнімнің сапасын қамтамасыз ете отырып, туристің жеке қалауына қауіпсіздік техникасын ескеру, белсенді, экстремалды және экологиялық туризм саласында туристік өнімді қалыптастыру;</li> <li>- этномәдени және конфессиялық ерекшеліктерді, ішкі және халықаралық туризмнің даму үрдістерін ескере отырып, туристік инновацияларды бастамашылық ету;</li> <li>- заманауи технологиялар алгоритмдері мен тұтынушылардың талаптар негізінде қонақ үй және мейрамхана сервисінің сапа стандарттарын қамтамасыз ету стратегиясы мен тактикасын әзірлеу;</li> <li>- туристік ұйымдардың, қонақ үй және мейрамхана бизнесінің, туризм нарықтың және инфрақұрылымның жай-күйін талдау негізінде қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін бағалау.</li> </ul> |
| <b>Түлектің біліктілік сипаттамасы</b> |   |
| <b>Берілетін дәреже:</b>               | 6B11101 Туризм білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету саласындағы бакалавр  |
| <b>Лауазымдарының тізімі</b>           | <ul style="list-style-type: none"> <li>- туристік фирмалардағы менеджер;</li> <li>- туристік бизнеспен айналысатын мемлекеттік және жеке компаниялардағы менеджер;</li> <li>- туристік инфрақұрылым кәсіпорындарының жарнамалық қызметінің басшысы;</li> <li>- туристік инфрақұрылым кәсіпорындарының жарнамалық қызметінің басшысы;</li> <li>- туристік индустрияның әртүрлі қызметтерінің басшысы;</li> <li>- туристік орталықтардың мәдени-ойын-сауық кәсіпорындарының басшысы.</li> </ul>   |
| <b>Кәсіби қызмет объектісі</b>         | <ul style="list-style-type: none"> <li>- туризмді ұйымдастыруға байланысты мемлекеттік басқару органдары (Министрліктер, әкімдіктер, олардың өңірлік бөлімшелері мен құрылымдары);</li> <li>- туристік бизнеспен айналысатын мемлекеттік және жеке компаниялар;</li> <li>- туристік саладағы консалтингтік компаниялар;</li> </ul>  |

|  |  |
|--|--|
|  | <ul style="list-style-type: none"><li>- туристік кәсіпорындардың маркетингтік қызметтері;</li><li>- туризм инфрақұрылымының объектілері;</li><li>- туризм мамандарын даярлайтын оқу орындары;</li><li>- туризмді дамыту мәселелерін зерттеумен айналысатын ғылыми-зерттеу ұйымдары;</li><li>- ішкі және сыртқы нарыққа туристік қызметтерді жылжытумен айналысатын жарнама агенттіктері.</li></ul> |
|--|--|